

**«8D02202-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сақабай Толқынай
Қуандыққызының «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы
ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою
амалдары» диссертациясына
АННОТАЦИЯ**

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында Орталық Қазақстан өңіріндегі 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы архив құжаттары, мерзімді басылым материалдары, аштық куәгерлерінің жарияланған естеліктері мен ұрпақтарының жадында сақталған естелік материалдарын, зерттеулерді егжей-тегжейлі талдау арқылы қарастырылып, зерделенді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. ХХ ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық құрылымдық өзгерістер салдары қазақ халқының тарихындағы ірі тарихи апаттың бірі – 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа алып келген болатын. Қазақ халқының әлеуметтік, демографиялық және рухани дамуында орны толмас зардаптарға алып келген ашаршылық тарихы жүйелі, жан-жақты қарастыруды талап етеді. Бұл туралы Президент Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында: «Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырды. Тиісті тарихи құжаттарды жинап, жиналған мәліметтерді аса мұқия зерделеу керек» - деп атап өткен болатын. Яғни, осы кезеңдегі тарихтың қайғылы кезеңін академиялық тұрғыда, өңірлік аспектіде әлі де болса зерделеу қажет деп ойлаймыз.

Отан тарихындағы бұл өзекті мәселе тек ХХ ғасырдың 80-шы жылдардың аяғында ғана концептуалды тұрғыда қарастырылып, зерттеу нысанына айналды. Осы ұзақ уақыт ішінде жарияланған архивтік құжаттар жинақтары, тарихнамалық материалдар талдауды, түсінуді және жүйелеуді, жіктеуді сонымен қатар оқиғалар барысын өңірлік аспектіде реконструкциялауды талап етеді.

1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық проблемасы отандық, шетелдік тарихнамада кеңінен қарастырылғанымен, оның өңірлер бойынша ерекшеліктері әлі де болса толық әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді. Соның ішінде Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың себептері, барысы, салдары жалпыұлттық деңгейдегі зерттеулерде көбіне жалпылама түрде сипатталып, процестің өңірлік әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және этномәдени ерекшеліктері мен сипаты жеткілікті деңгейде ашылмай келеді.

Орталық Қазақстан аймағының көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикасы, табиғи-климаттық жағдайы, әкімшілік-аумақтық құрылымы ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру саясатының салдарын айрықша ауырлатты. Осы тұрғыдан алғанда, өңірлік материалдар негізінде ашаршылық тарихын зерделеу кеңестік әлеуметтік саясаттың нәтижелерін анықтауға

мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі өткенді тану, болашақ бағдармен байланысты ғана емес сонымен қатар тарихи сабақ алу қажеттілігімен де байланысты болып табылады. Экономикалық реформаларды іске асыруда, ауыл шаруашылығын дамытуда және әлеуметтік саясатты қалыптастыруда өткеннің қателіктерін ескеру болашақта осындай апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Осы тұрғыда ашаршылықты зерттеу – тек тарих ғылымының ғана емес, жалпы қоғамның стратегиялық мүддесіне қызмет ететін маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: 1931-1933 жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылықтың себептерін, ауқымын, сипатын және салдарын зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- «ашаршылық, аштық» ұғымдарын, оның жіктелуін және ашаршылық тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін анықтау;

- зерттеу мәселесі бойынша тарихнамадағы негізгі тенденцияларды қарастыру;

- зерттеу тақырыбы бойынша деректік базаға оның ішінде республикалық және өңірлік архив құжаттарына талдау жасау;

- 1930-1933 жж. Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылықтың алғышарттары мен себептері ретінде 1920-шы жылдардың II жартысы - 1930 жылдардың басындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мәселелерін зерделеу;

- Орталық Қазақстан аумағындағы қазақ ауылдарындағы тәркілеу науқанының механизмдерін зерттеу;

- Орталық Қазақстан аумағындағы ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру үдерістерінің ерекшеліктерін саралау;

- 1930-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылық ауқымы мен сипатына баға беру, халықтың аман қалу стратегияларын анықтау;

- Орталық Қазақстандағы 1930-1933 жж. ашаршылықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын сараптау;

- 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық зардаптарын жоюдағы, аштықпен күресудегі билік органдарының ұйымдастырған шараларын қарастыру.

Зерттеу жұмысының нысаны Орталық Қазақстан аумағындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық болып табылады.

Зерттеу пәніне Орталық Қазақстан өңіріндегі 1930-жылдардағы ашаршылықтың алғышарттары, себептері, ауқымы, сипаты мен салдары жатады.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін модернизация теориясы, тоталитаризм теориясы және А. Сеннің «азық-түлік құқығынан айырылу» («food entitlement decline»), Е. Осокина ұсынған «тұтыну иерархиясы», Т. Мартиннің «империя положительной дискриминации», Н. Пианчоланың ресурстарды әлеуметтік және құрылымдық теңсіз бөлу тұжырымдамалары құрайды.

1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын зерттеу барысында жалпығылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды. Талдау және жинақтау (анализ және синтез) әдістері зерттеліп отырған құбылысты әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және әкімшілік-саяси құрамдас бөліктерге жіктеп қарастыруға, кейін оларды өзара байланыста тұтас жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында математикалық-статистикалық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық және тарихи-жүйелік әдістері қолданылды. Сандық көрсеткіштерді зерделеуде математикалық-статистикалық әдіс қолданылды. Халық санының өзгеруі, көші-қон үдерістері, мал басының қысқаруы, өлім-жітім деңгейі және панасыз қалған балалар санының өсуі архивтік және жарияланған статистикалық материалдар негізінде жүйеленді. Орташа шамалар, пайыздық үлестер мен салыстырмалы көрсеткіштер есептеліп, уақыттық және аумақтық динамика анықталды. Сандық мәліметтерді белгілер бойынша топтастыру және кестелер құрастыру ашаршылық ауқымын нақтылауға, оның демографиялық әрі экономикалық салдарын айқындауға жағдай жасады.

Орталық Қазақстандағы жағдайды өзге өңірлердегі ахуалмен салыстыру арқылы ашаршылықтың ортақ заңдылықтары мен аймақтық ерекшеліктерін анықтауға салыстырмалы-тарихи әдіс жол ашады. Мұндай салыстыру көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін ескеруге, сондай-ақ табиғи, экономикалық және басқарушылық факторлардың арақатынасын саралауға мүмкіндік береді.

Тарихи-типологиялық әдіс дағдарыс жағдайындағы халық мінез-құлқының үлгілерін жүйелеу мақсатында қолданылды. Оның аясында бейімделу тәсілдері, өмір сүру стратегиялары, өзара көмек формалары, отбасылық және қауымдық қатынастардағы өзгерістер талданды. Бұл әдіс әлеуметтік реакциялардың қайталанатын белгілерін анықтап, дәстүрлі нормалардың трансформациясын көрсетуге жол ашты.

Проблемалық-хронологиялық әдіс зерттеу материалын кезең-кезеңімен қарастыруға негіз болды. Ашаршылықтың алғышарттары, өршу кезеңі және салдары тарихи реттілікпен талданып, мемлекеттік шешімдер мен қоғамдық реакциялардың динамикасы айқындалды.

Тарихи-жүйелік әдіс ашаршылықты өзара байланысты әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және әкімшілік факторлардың тұтас кешені ретінде қарастыруға мүмкіндік беріп, дағдарыстың ішкі логикасын, оның қалыптасу тетіктерін және ауқымды гуманитарлық салдарға алып келген факторлар жиынтығын кешенді түрде түсіндіруге жағдай жасады.

Жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтарды зерттеуде просопографиялық және биографиялық әдістер кеңінен қолданылды. Просопографиялық әдіс белгілі бір әлеуметтік немесе этностық топқа жататын адамдардың ортақ әлеуметтік сипаттарын, өмірлік тәжірибесін және мінез-құлық үлгілерін ұжымдық деңгейде талдауға бағытталған. Бұл тәсіл респонденттердің әлеуметтік шығу тегі, тұрмыс жағдайы, шаруашылық қызметі және тарихи

оқиғаларға қатысуы сияқты ортақ белгілерін жүйелеуге және салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Биографиялық әдіс жеке тұлғаның өмір жолын және тарихи оқиғаларды қабылдау ерекшеліктерін талдауға негізделеді. Ол әрбір респонденттің жеке тәжірибесі арқылы тарихи үдерістердің адам тағдырына әсерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы әдістердің үйлесімі зерттеу материалдарын кешенді талдауға және тарихи үдерістерді жеке және ұжымдық деңгейде қарастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, қолданылған әдістер жиынтығы 1930–1933 жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылықты тарихи тұрғыда жан-жақты, тұтас түрде талдауға жағдай жасады. Бұл ұстаным дағдарыстың ауқымын ғана емес, оның құрылымдық себептерін, әлеуметтік салдарын және өңірлік қоғамның ұзақ мерзімді өзгерістеріне ықпалын терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы өңірлік аспектіде қарастырылады. Өкінішке орай, Отандық тарихнамада 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихы зерттеушілер тарапынан арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады. Зерттеу барысында бұрын ғылыми айналымға толық енгізілмеген архивтік материалдар негізінде, соның ішінде аудандық архивтерде сақталған құжаттар негізінде ашаршылықтың алғышарты, себептері, барысы мен салдары жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы төмендегі нәтижелерден көрініс табады:

- зерттеудің теориялық-методологиялық шеңберінде отандық, шетелдік зерттеушілердің ашаршылықты зерттеудегі теориялары, тұжырымдары жүйеленді, олардың негізінде Орталық Қазақстан аумағындағы аштықтың туындау факторлары, ауқымы, сипаты, ерекшеліктері, аман қалу стратегиялары зерттелді;

- зерттеу барысында тақырыпқа қатысты тарихнамалық зерттеулер үлкен үш топқа және топтардың ішінде кезеңдерге авторлық нұсқада бөлініп қарастырылады;

- зерттеудің деректік базасында орталық, облыстық архивтермен қоса ғылыми айналымға бұрын толық енгізілмеген аудандық архивтердің материалдары қолданылды;

- Кеңес үкіметінің астық, мал, ет дайындау науқандарының Орталық Қазақстан жағдайында іске асу тетіктері жергілікті архивтік материалдар негізінде қарастырылады;

- Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың алғышарттары себептері ретінде тәркілеу, ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру саясаты өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастырылды;

- Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық ауқымы, сипаты зерделеніп, халықтың тарихи жады негізінде аман қалу стратегиялары анықталады;

- зерттеулер мен архив құжаттары негізінде ашаршылықтың Орталық Қазақстан аумағындағы экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдарлары зерттелді;

- ашаршылық кезіндегі халықтың көші-қон қозғалыстары мен демографиялық өзгерістеріне аймақтық деңгейде баға беріліп, олардың әлеуметтік құрылымға тигізген салдары анықталды;

- әкімшілік күштеу әдістерінің жергілікті басқару органдары арқылы жүзеге асу ерекшеліктері көрсетіліп, ашаршылықтың тереңдеуіне ықпал еткен факторлар анықталады;

- ашаршылықтың зардаптарын жою амалдарын жоюдағы билік органдарының іс-әрекетіне баға беріліп, олардың аштықпен күресудегі тиімділігі сараланды.

Осылайша, зерттеу жұмысы Орталық қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихын өңірлік және жүйелі тұрғыда толықтырып, Отан тарихының осы күрделі кезеңін түсінуге өзіндік ғылыми үлес қосады деп ойлаймыз.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Ашаршылықты зерттеудің теориялық-методологиялық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына негізделді. Олардың әдіснамалық ұстанымдары ашаршылық алғышарттарын, туындау себептерін, барысы мен салдарын әлеуметтік, экономикалық және мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл 1930-жылдардағы Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылықты тек табиғи немесе экономикалық дағдарыс ретінде ғана емес, әлеуметтік құрылымдар мен басқару тетіктерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан күрделі тарихи құбылыс ретінде түсінуге жағдай жасады.

2. Ашаршылық тарихын зерттеу әр кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай, идеологияға, архив құжаттарының қолжетімділігіне байланысты болды. ашаршылық мәселесін зерттеудегі шетелдік, кеңестік, отандық бағыттары өз ішінде бірқатар методологиялық шектеулерге ие: кеңестік тарихнамада мәселе идеологиялық себептермен бүркемеленіп, оның демографиялық және әлеуметтік салдары жүйелі түрде ашылмаған болса, посткеңестік кеңістікте зерттеулердің поляризациясы (жалпыодақтық апат пен «геноцидтік» интерпретация арасындағы қарама-қайшылық) бірыңғай теориялық модельдің қалыптасуына кедергі келтірді; шетелдік еңбектерде пәнаралық әдістер кең қолданылғанымен, көшпелі шаруашылықтың ішкі құрылымдық ерекшеліктері жеткілікті деңгейде ескерілмеді. Отандық тарихнамада ашаршылық мәселесі кеңінен қамтылған, дегенмен, қарастыруды қажет ететін бірқатар бағыттар бар. Атап айтқанда, зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздері толық қалыптаспаған, сондай-ақ дағдарыстық үдерістердің жергілікті ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін аймақтық тәсілдер шектеулі. Сондықтан көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, ашаршылықтың ауқымын көрсетуде зерттеушілердің тұжырымдарын салыстырып, отандық тарихнамада өзіндік ұстанымды қалыптастыру керек.

3. Жеті негізгі топ бойынша жүйеленген зерттеудің деректік базасы 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын кешенді зерделеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алайда, зерттеу барысында деректер кешені бойынша бірқатар қиындықтар туындайды. Біріншіден, демографиялық

шығындар көбіне фрагментарлы сипатта келтірілген, ал ресми статистика барлық өңірлер мен әлеуметтік топтарды толық қамтымайды, бұл қаза болған адамдардың нақты санын есептеуді қиындатады. Екіншіден, архивтік материалдарда, әсіресе әкімшілік есептер мен хаттамаларда, құжаттардың идеологиялық ерекшелігі немесе жергілікті билік өкілдерінің жағдайды қолайлы түрде көрсетуге ұмтылуымен байланысты қайшылықты мәліметтер қамтылған. Үшіншіден, аштық куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері, тарихи оқиғаларды қалпына келтіру үшін маңызды болғанымен, олардың сенімділігі, субъективті қабылдауы және уақыт өте келе халық жадында сақталған деректердің интерпретациясы тұрғысынан сыни тұрғыдан бағалауды талап етеді. Аудандық архив құжаттарының едәуір бөлігі осы уақытқа дейін ғылыми айналымға толық енгізілмеген. Аудандық архивтерде мәселеге қатысты құжаттар толық қамтылмаған. ып, сақталмаған. Қарқаралы, Шет, Осакаров, Нұра аудандары архивтерінде құжаттар қамтылса, Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарында мәселеге қатысты құжаттар сақталмаған.

4. 1928-1933 жылдардағы Орталық Қазақстандағы саяси-шаруашылық науқандарды жүзеге асыру өңірдің шаруашылық құрылымына сәйкес келмеді. Қарқаралы, Шет және Қу, Жаңаарқа, Абыралы, т.б мал шаруашылығы басым аудандарда халық астық пен ет, мал дайындау бойынша шектен тыс жоспарларды орындауға мәжбүр болды. Бұл шараларды жүзеге асыру әкімшілік қысым мен қуғын-сүргінмен қатар жүрді, ал көлік және қойма инфрақұрылымының әлсіздігі экономикалық шығындарды күшейтті. 1929-1933 жж. Орталық Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарында (әсіресе, Қарқаралы, Шет, Жаңаарқа, Абыралы т.б) мал саны орта есеппен шамамен 90% - 97% дейін қысқарды, ал халықтың едәуір бөлігі тұрғылықты жерлерінен босып кетуге мәжбүр болды, бұл аштықтың өрістетуінің өңірлік ерекшелігін айқындайды.

5. Тәркілеуден бұрын ауқымды дайындық жұмыстары жасалып, оның нормативті-құқықтық базасы жасалды. Тәркілеу жоспарына сәйкес Орталық Қазақстан аудандарының басым бөлігі жартылай көшпелі типке жатқызылды. Қарқаралы округінің ауқатты шаруашылықтары Қостанай округіне жер аударылды. Тәркілеуді жүзеге асырған уәкілдер байлардың санын нормаға жеткізу үшін шаруашылықтарды бір-біріне қосып, орташаларды да байлар қатарына жатқызды. Байлардың тізімі үнемі өзгертілді, округтік комиссиялар декрет баптары бойынша мал саны жетпеген жағдайда бір категориядан екінші категорияға ауыстырды. Ауқаттылар арасында малдарын туыстарына таратып беріп, тәркілеуден аман қалу жолдарын қарастырған жағдайлар болған. Тәркілеу кезіндегі құқық бұзушылық әрекеттерге арыз-өтініштер жазылғанымен оларды өкілетті органдар қарастырмады. Тәркілеу негізінде дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуі ашаршылықтың алғышарттарын қалыптастырды.

6. Ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіруде жергілікті кеңестік органдар мен партия ұйымдары мәселені ойластырмады, жауапты уәкілдер істің мән-жайын білмеді; колхоздар мен серіктестіктердің ұйымдастыру бағыты анықталмады; колхоздарды ұйымдастыруда жергілікті жердің табиғи-

шаруашылық жағдайы ескерілмеді; халық колхоздарға күштеу, қорқыту арқылы стихиялы түрде біріктірілді, уәкілдер қызметтерін асыра пайдаланды. Қарағанды маңайындағы Шет, Қоңырат аудандарын отырықшылыққа көшіру осы өңірдегі өнеркәсіптік қалаларды азық-түлік базасын құру және лагерлер жүйесін жермен қамтамасыз ету үшін іске асырылды. Таза көшпенді аумақтарға қарағанда ұжымдастыру жартылай көшпелі аймақтарда жылдам жүрді. «Коллективтендіру байды батпаққа батырды, орташаны орға жығып, кедейді кеңірдектен алды» деген халық арасында тараған тіркес саясаттың мәнін бейнелі түрде сипаттайды.

7. Орталық Қазақстанда ашаршылық 1931 жылы емес 1930 жылы басталып, кезең бойынша өрістеді. *I кезең (1930 жылдың басы– 1931 жылдың басы)* – ашаршылық локалды деңгейде басталып, біртіндеп өсу сипатында болды, негізінен ауданішілік, облысшілік көші-қонмен сипатталады, жаппай өлім-жітім байқалмады; *II кезең (1931 – 1932 жылдың ортасы)* – ашаршылықтың шарықтау шегі, өңірді аштық жайлап, халық жаппай қырылды, індеттер және аймақаралық көші-қон өрістеді; *III кезең (1932 жылдың соңы – 1933 жыл)* – ашаршылықтың біртіндеп бәсеңдеуі, шаруашылық құрылымының қалпына келуі, өлім-жітімнің төмендеуі, бірақ демографиялық және әлеуметтік зардаптар сақталды. 1930 жылдың көктем айларында еліміздің солтүстік, орталық және батыс аймақтарында аштық жағдайы ушыға түседі. Орталық Қазақстанда 1930 жылы ашаршылық локалды көріністерінен басталып, 1932 жылы жаппай сипат алды. Өңірде ашаршылық ауқымы қаладан гөрі (архив құжаттарына сәйкес әсіресе Нұра, Жаңаарқа, Абыралы, Қу, Шет, Қарқаралы т.б аудандарында) ауылдық жерлерде орасан зор болды. Ашаршылық Орталық Қазақстандағы тек қазақ ауылдарын ғана емес, сонымен қатар құрамы көпэтникалық елді мекендерді де қамтыды. Аштықтан аман қалу стратегиялары жеке, отбасы және қоғамдық деңгейде жүзеге асты, жеңіл формалардан бастап шектен тыс асоциальдық формаларға дейін жетті.

8. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың экономикалық салдарынан жайылымдық, шабындық жерлерді пайдалану аумағы қысқарды, жем-шөп базасы құлдырады, нәтижесінде мал саны күрт азайды, шаруашылық саны қысқарды. Әлеуметтік салдарынан панасыз, қараусыз балалар саны өсті, балалар ата-анасынан және туыстық байланыстарынан айырылды, отбасылар өздерінің негізгі мүшелерін жоғалтты, қауым ішіндегі өзара көмек пен қолдаудың дәстүрлі тетіктері іс жүзінде тоқырауға ұшырады. Адамдар тірі қалғанымен, олардың әлеуметтік болмысы, қалыптасқан қарым-қатынастары мен эмоциялық тірегі жойылды. Кейбір аудандарда (Нұра, Шет, Қарқаралы, Абыралы және т.б.) халық санының шығыны 70-77 % дейін жеткен. Демографиялық салдарынан ерлер арасындағы өлім деңгейі жоғары болды, некелесу мен бала туу көрсеткіштері төмендеді, демографиялық өзгеріске ұшырады, балалар мен егде жастағы адамдар үлесі қысқарды, ұл балаларды сақтап қалуға көбірек мән берді, демографиялық үдерістер тіркелмеуі, аймақ бойынша толық статистикалық деректердің болмауы кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік бермейді. Дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуінен қазақтар маргинализацияланды. Ашаршылық қазақ халқының мәдени дамуында орны

толмас моральдық шығын әкелді, ұрпақтар үшін психологиялық, мәдени және әлеуметтік салдары күшті болды.

9. Ашаршылықтың салдарын еңсеру мақсатында аштыққа ұшыраған халыққа бидай, тары, қара бидай түрінде азық-түлік, тұқым көмектерін, өнеркәсіптік тауарлар, қарыздар берді. Мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін халыққа мал берді. Астық тапсыру жоспарын төмендету, бірыңғай ауылшаруашылық салығын төмендету, одан босату сияқты жеңілдіктер қарастырылды. Берілген көмек жергілікті әкімшілік тарапынан ішінара талан-таражға салынып, ұрланды. Аштан өлгендерді тізімге енгізіп колхоз басшылары көмек алған. Көмек ашаршылық ауқымы ұлғайып, жағдай ушығып кеткенде кеш берілді. Берілген көмек мардымсыз болды, халықтың қажеттіліктерін толық өтей алмады. Кейбір көмек түрлері толық көлемде жүзеге асырылмады, қағаз жүзінде ғана қалды. Мемлекеттік көмек жеткіліксіз болып, бастапқы кезде аштықтың салдарын айтарлықтай жеңілдете алмады. Халықтың жағдайы тек 1930-жылдардың ортасына қарай ғана жақсара бастады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері түрлі деңгейдегі ғылыми журналдар мен конференция материалдарында көрініс тапты. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми мақала жарияланды. Олардың ішінде 5 мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда (екеуі ағылшын тілінде) жарияланса, 7 мақала халықаралық конференция материалдарында жарыққа шықты. Соның ішінде 4-уі халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндама түрінде ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы алға қойылған мақсат пен міндеттерге сай негізделген. Жұмыс белгілеулер мен қысқартулар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, тоғыз бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.